

«Полиглот» апталығының жұмысы жөнінде есеп

Ағымдағы оқу жылының 11-22 қарашасы аралығы «Петровка ауылының ЖОББМ» КММ-де «Полиглот» апталығы өтті. Апталық жоспары ағылшын және орыс тілі пәндері мұғалімдерімен құрылып, мектеп әкімшілігімен келісілді және бекітілді.

11.11.24 апталықтың ашылуы болды. Оқушылар лездемеде апталықтың жұмыс жоспарымен таныстырылды, сол жерде викториналық ойын ойнатылды.

12.11 ағылшын тілі мұғалімі – Сагинбеков А.Ж. 5 «А» сыныпта “I want to know everything” атты сыныптан тыс іс-шара өткізді.

12.11 күні 2-4 «А» сыныптар арасында орыс тілінен «По страницам сказок А.С.Пушкина» тақырыбында суреттер байқауы өтті. Ең әдемі суретшілерге мақтау қағаздары берілді. Жауапты мұғалім – орыс тілі мұғалімі Исабаева А.Ж.

13.11 күні 5-6 «Б» сыныптар арасында «Что за прелесть эти сказки!» суреттер байқауы өтті. Ең үздік суреттердің иелеріне мақтау қағаздары берілді. Өткізген: Дүйсенбі Г.Н.

14.11-де ағылшын тілінен 9 «А,Б» сыныптармен бірге өткізілген “BE THE BEST” тақырыбында сыныптан тыс іс-шара ұйымдастырылды. Жауапты пән мұғалімі: Сагандыкова М.У.

15.11 күні 8 «А» сыныпта ағылшын тілі пәнінен ашық сабақ өтті. Сабақтың тақырыбы: Past Simple. Өткізген мұғалім: жас маман - Сагинбеков А.Ж.

15.11. орыс тілінен ашық сабақ болды. 5 «Б» сыныпта «Семья. Прямое и переносное значение слова» тақырыбында Дүйсенбі Г.Н. ашық сабақ берді. Сабаққа басқа да мұғалімдер қатысты.

18.11 күнінде 8-9 «Б» сыныптар арасында орыс тілінен эссе байқауы өтті.

19.11 ағылшын тілінен 3 «Б» сыныбында “My Family / has got” тақырыбында ашық сабақ болды. Пән мұғалімі: Сагандыкова М.У.

21.11 орыс тілінен «Мы разные, но мы вместе» тақырыбында 5 «А» сыныпта ашық сабақ болды. Өткізген: Исабаева А.Ж.

22.11 «Полиглот» апталығын жабу мақсатында көңілді кеш ұйымдастырылды. Мектебіміздің 7-9 «А,Б» сыныптарына арналған “Karaoke SHOW” интеллектуалдық және музыкалық іс-шара оқушылар мен ұстаздардың оң пікіріне ие болды. Өртүрлі номинацияларда ерекше көзге түскен оқушылар мақтау қағаздары және сыйлықтармен марапатталды. Кешті ұйымдастырған ұстаздар: апталыққа жауапты мұғалімдер – Сагандыкова М.У.; Сагинбеков

Ағылшын пәні мұғалімі Кенжебаева М.А. ауырып қалуы себебінен 20.11 болатын “Language shop” сыныптан тыс іс-шара 26.11 өткізілді. Ал 21.11 3 «А» сыныпта “The weather” тақырыбында өтетін ашық сабақ 28.11 өткізілді.

Апталықтың жабылуы 25.11 лездемеде болды. Апта бойы түрлі конкурстарға, байқауларға қатысқан оқушылар мақтау қағаздарымен марапатталды.

Жалпы, апталық өз жоспарына сай жүргізілді. Апталықта 5 ашық сабақ өткізілді. Ұстаздардың өзара сабаққа қатысулары жоғары деңгейде болды. Видеолар, фотолар мектептің инстаграм парақшасына жүктелініп отырды. Мектептің фойесі мен акт залы да апталыққа сай безендірілді.

Жоспардағы жасалмай қалған жұмыстар:

1. 13.11 Игра «Поле чудес» 5-6 «А» сыныптар (Исабаева А.Ж.)
2. 18.11 Игра «Алиас» 8-9 «А» сыныптар (Исабаева А.Ж.)
3. 19.11 сыныптан тыс іс-шара “Funny English” 3-4 «А» сыныптар (Кенжебаева М.А.)

ӘБ әсетекшісі: Сағандыкова М.У.